

Білім беру ұйымы (балабақша) «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК  
 Топ: ерте жас тобы  
 Балалардың жасы: 1 жастан  
 Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|-------|---------------------------|--|
| Ақпан | Дене шынықтыру            | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;</li> <li>- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;</li> <li>- балалардың күн тәртібіне, қоршаған орта жағдайларына бейімделуі үшін жағдайлар жасау;</li> <li>- жүру, жүтіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, теңе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту;</li> <li>- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</li> <li>- дене шынықтыру мен дене белсенділігіне қатысуға, дербес қимыл әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру;</li> <li>- қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.</li> </ul> <p><b>Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.</b><br/>                     Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br/>                     Еңбектеу, өрмелеу. Бөренеден (диаметрі 15-20 сантиметр) аттап өту, 35-40 сантиметр жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту (диаметрі 45 сантиметр).<br/>                     Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br/>                     Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру.</p> |
|       | Сөйлеуді дамыту           | <ul style="list-style-type: none"> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру;</li> <li>- сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту;</li> <li>- ересектердің, құрастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту;</li> </ul> <p><b>Сөзді түсіну.</b><br/>                     Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың өлшемін (үлкен, кіші) білдіретін сөздерді түсіну.<br/> <b>Белсенді сөйлеу.</b><br/>                     Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу) етістіктермен, заттардың түсін, пішінін, білдіретін сын есімдермен толықтыру.</p>  |
|       | Көркем әдебиет            | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету;</li> <li>- үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру;</li> <li>- 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету.</li> </ul>   |
|       | Сенсорика                 | <ul style="list-style-type: none"> <li>- заттарды өзіне тән қасиеттері бойынша зерттеу;</li> <li>- заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру;</li> <li>- сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру;</li> <li>- көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту;</li> <li>- түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;</li> <li>- интеллектуалды сезімді тәрбиелеу (жананы тануда қуанышқа бөлену).</li> </ul> <p>Құрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшесімен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу, қазықшаларды қалғал құмға балғамен қағып, кіргізе білу.</p>   |

|                                   |   |
|-----------------------------------|---|
| <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау;</li> <li>- баланың өз отбасының мүшесі екенін сезінуіне ықпал ету;</li> <li>- қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;</li> <li>- тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу;</li> <li>- балаларды әлеуметтендіру үшін икемді дамытушы заттық-көністіктік орта құру;</li> <li>- баланы әрекет түрлеріне, ойын арқылы өзіне - өзі қызмет көрсетуге, адамгершілік құндылықтарға баулу;</li> <li>- айналасындағы заттық ортаға қызығушылықты қалыптастыру;</li> <li>- мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын (амандасу, қоштасу, алғыс айту), құрдастарымен өзара әрекеттің бастапқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.</li> </ul> <p>Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу.</p> <p>Құрдастары мен айналасындағы ересектердің көңіл-күйіне сәйкес жауап беру (күлімсіреу – қуаныш, жылау – реніш).</p> |
| <p>Мүсіндеу</p>                   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;</li> <li>- балалардың байқампаздығын дамыту;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;</li> <li>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.</li> </ul> <p>Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.</p>   |
| <p>Музыка</p>                     | <ul style="list-style-type: none"> <li>- шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;</li> <li>- балалардың байқампаздығын дамыту;</li> <li>- көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;</li> <li>- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту.</li> </ul> <p>Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ұзындайды).</p> <p><b>Музыкалық ырғақты-қимылдар.</b></p> <p>Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.</p>  |